

Теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 12 мамырдағы № 275 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылды 20 маусымда № 7020 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.08.2019 № 617 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 16.05.2025 № 154 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.08.2019 № 617 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Жалпы пайдаланымдағы кірме жолдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 6 тамыздағы № 306-І (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3006 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған 2004 ж., № 37-40, 1001-бабы) және "Кірме жолдардағы жұмыс ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі № 367-І (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3179 болып тіркелген, 2005 ж., 24 тамызда № 91 (715) "Зан газеті" газетінде жарияланған) бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Н.И. Қильтабай) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы Табиғи
монополияларды реттеу агенттігінің төрағасы

Н. Алдабергенов

2011 жылғы 12 мамыр

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
міндетін атқарушының
2011 жылғы 12 мамырдағы
№ 275 бүйрүгімен бекітілген

Теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.08.2019 № 617 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 16.05.2025 № 154 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгімен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ауыспалы білеу - рельстерден, бағыттамалы бұрмалардың бөліктегінен тікелей қысымды қабылдайтын, оны балласты негізге беретін және рельстік тізбектердің және бағыттамалы бұрмалар бөліктегінің өзара орналасуының өзгермейтіндігін қамтамасыз ететін теміржол (жоғарғы құрылыштың) элементі;

2) бағыттамалы бұрма - жылжымалы құрамның бір жолдан екіншісіне ауысуы үшін қызмет ететін рельс жолын, екі немесе бірнеше жолға тармақтайтын теміржол (жоғарғы құрылышы) элементі;

3) жер төсемі - теміржолдың элемент бөлігі, жер бетін өндөу нәтижесінде алынатын және жолдың жоғарғы құрылышын төсеуге, жолдың тұрақтылығын қамтамасыз етуге

және оны атмосфералық және жер асты суларының әсерінен қорғауға арналған толырақ бетінден құрылыштан кешені;

4) жол дистанциясы - поездардың қауіпсіз және үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жолды, теміржол өтпелерін, жер төсемдерін, жасанды құрылыштар мен жол шаруашылығы құрылғыларын жұмыс жағдайында ағымдағы күтіп-ұстауды және жөндеуді жүзеге асыратын Ұлттық инфрақұрылым операторы филиалының құрылымдық бөлімшесі;

5) жүк шымдылығы - жылына 1 км-ге тонна-километрде (т-км) өлшенетін және орындалған жүк айналымын бөлу жолымен айқындалатын тасымалдар қарқындылығының көрсеткішінде пайдалану ұзындығына т-кмге;

6) келтірілген жүк сыйымдылығын - қаралып отырған жүктөр мен жолаушыларды брутто тасымалдау көлемін сипаттайтын тасымалдау қарқындылық көрсеткіші (жылына млн. т-км брутто/км);

7) поездың салмағы, брутто - локомотивтің, вагондар мен жүктөр ыдыстар немесе жолаушылардың салмағы;

8) рельстік жолтабан - жылжымалы құрамның доңғалақтары үшін бағыттаушы қызмет ететін рельстік жіптерге параллель төсөлген теміржол (жоғарғы құрылыштың) элементі;

9) рельстік тізбек (тізбеп) - бір-біріне ұштарымен жанасатын және түйіспелі жапсырмалармен және болттармен немесе дәнекерлеумен жалғасқан рельстердің үздіксіз қатары;

10) рельстік тірек (рельс астындағы негіз - шпал) - рельстерді тұрақты қалыпта бекіту, жолтабан енінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және қысымды рельстер мен жылжымалы құрамнан төменгі құрылымға тікелей немесе балласттың көмегімен қысым беру үшін қызмет ететін теміржол (жоғарғы құрылыш) элементі;

11) теміржолдар (бұдан әрі – жолдар) – жылжымалы құрамның орын жүзеге ауыстыруы асырылатын жылжымайтын мұлік объектілері (магистральдық, станциялық, кірме жолдар), мемлекеттік-жекешелік әріп тестік шарттары бойынша теміржолдар;

12) теміржол желісі - теміржолдарды, бөлінген белдеуі бар теміржол станцияларын және электрмен жабдықтау, теміржол автоматикасы мен телемеханикасы, теміржол электр байланысы құрылғыларының, осы кешенінде жұмыс істеуін және жылжымалы теміржол құрамының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін ғимараттарды, құрылыштарды, құрылғылар мен жабдықтарды қамтитын технологиялық кешен;

13) теміржол элементі - теміржолдың кешенді негізгі құралдың - теміржолдың құрамдас бөлігі ретінде есепке алу саясатында ескерілетін жеке теміржол конструкциясы;

14) түйіспейтін жол - рельстік түйіспелер арасындағы қашықтық стандартты рельстің ұзындығынан едәуір асып түсетін теміржолдың шартты атауы.

Ескерту. 2-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 16.05.2025 № 154 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Теміржолдың негізгі элементтері жер төсемі, балласты призма (балласты негіз), рельстік тірек (рельс асты негізі - бекіткіштері бар шпал), рельстік жолтабан, бағыттамалы бұрмалар (металл бөлігі), бұрма білеу, теміржол өтпесі болып табылады.

2-тaraу. Теміржолдарды техникалық пайдалану тәртібі

4. Жолдар кластары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 2 ақпандағы № 42 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6785 болып тіркелген), Теміржолдарды сыныптау қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 16.05.2025 № 154 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Тиісті класты жолдың ұздіксіз ұзындығы шағын радиус қисығынан, жолдың немесе жасанды құрылыш жайлардың уақытша қанағаттанарлықсыз техникалық жай-күйіне байланысты белгіленген жылдамдық азайтылған жекелеген километрлерді және орындарды ескермesten оның барлық ұзындығынде бірдей жүк сыймдылығы және жолаушылар және жүк поездарының белгіленген жылдамдықтары бар қозғалыс участкесінің ұзындығынан (олардың қайсысы неғұрлым жоғары класқа сәйкес болуына байланысты) кем емес пайдаланылады.

Станциядағы басты жолдардың класы іргелес аралықтардың бірінің (немесе олардың теңдігі кезінде екеуінің) жол класына сәйкес келеді.

8. Алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Алып тасталды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Кірме жолдар тұрақты немесе уақытша пайдалану үшін ашылады. Салынған кірме жолды тұрақты пайдалану үшін ашуға және мұндай жолға жылжымалы құрамды

беруге құрамына Ұлттық инфрақұрылым операторының өкілі кіретін комиссия жолды пайдалануға қабылдағаннан кейін рұқсат беріледі.

11. Жаңа объектілер пайдалануға берілгеннен және/немесе олар жабылғаннан кейін тармақ иеленуші техникалық паспортқа тиісті өзгерістер енгізеді және занды түрде расталған техникалық паспорттың көшірме данасын техникалық паспортқа енгізілген барлық өзгерістер туралы хабарлай отырып, оған Ұлттық инфрақұрылым операторына береді. Ұлттық жүк тасымалдаушысы түйісу станциясының техникалық-өкімдік актісіне өзгерістер енгізеді және оған қосымшаны-кірме жолдар ведомосін жасайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Кірме жолдар тікелей немесе басқа кірме жолдар арқылы магистральдық және станциялық жолдарға түйіседі. Кірме жолдың шекарасы "Кірме жолдың шекарасы" белгісімен белгіленеді.

Мұндай белгіні орнату орнын Ұлттық инфрақұрылым операторы жер участкесіне (кірме жолға) жеке меншік құқығына арналған актінің негізінде айқындауды.

Кірме жол басқа кірме жолға түйіскең жағдайда, "Кірме жолдың шекарасы" белгісі тармақ иеленушінің келісімі бойынша белгіленеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Тармақ иелсі әрбір кірме жолға құжаттама топтамасының екі данасын ресімдейді, ол мынылардың тұрады:

техникалық паспорт;

жолдың бойлық бейіні;

жасанды құрылыштардың сыйбалары;

жолдар мен қойма алақарының жоламыздың көрсете отырып тиеу-түсіру (түсіру) орындары салынған масштабты схема-жоспар.

Бірінші данасы тармақ иеленушіде қалады, құжаттаманың екінші данасын тармақ иеленуші кірме жол қызметтеріне шарт жасасқан кезде Ұлттық инфрақұрылым операторына береді.

14. Тармақ иесінің локомотивпен кірме жолына қызмет көрсету кезінде вагондар тасымалдаушының локомотивімен Ұлттық инфрақұрылым операторының белгіленген шартымен қабылдау-тапсыру (шығарып тоқтату) жолында береді. Вагондардың одан әрі жүруі, олардың тиеу орындарында орналастыру, түсіру (жүк түсіру) және қабылдау-тапсыру (көрмелі) жолға қайтару тармақ иесінің локомотиві қамтамасыз етеді.

Ұлттық инфрақұрылым операторының, тасымалдаушының локомотивімен кірме жолға қызмет көрсету кезінде вагондар кірме жолға беріледі және кірме жолдан оларға жүк тиесі, түсіру (босату) орындарына осы локомотив әкетеді.

15. Тиесі, түсіру (босату) жолы болып жабық және ашық қоймаларға және жүктерді тиесіге, түсіру (босату) үшін тағайындалған жерлерге жанасатын кірме жолдардың бір бөлігі табылады.

Тиесі, түсіру (босату) орындарына берілетін вагондардың максималды саны кірме жолдың қоймалық, тиесі-түсіру құрылғыларының пайдалы ұзындығы бойынша анықталады.

Вагондарды шығарып тұрақтату темір жолдарына тапсыру кезінде берілетін вагондардың максималды саны оларда қабылданатын - түсірілетін пайдалы ұзындығы бойынша анықталады.

16. Вагондарды кірме жолға беру-әкету және вагондарды кірме жолдан қайтару хабарлама, кесте бойынша немесе шарттарда белгіленген уақыт аралықтары арқылы жүргізіледі.

17. Вагондарды беру-алып кету жүзеге асырылатын уақыт аралығын есептеу негізгі өндіріс технологиясына, кірме жол мен жанасу станциясының техникалық жабдықталуына және жұмыс технологиясына байланысты.

Уақыт аралығының шамасын айқындайтын негізгі элементтер қабылдау-тапсыру операцияларын орындау үшін, вагондарды кірме жолға беруге, вагондарды кірме жолдан алып кетуге, вагондарды тиесі, түсіру (түсіру) және вагондарды ауыстырып қою жөніндегі операцияларға (домалату-шығару) қажетті уақыт болып табылады.

18. Вагондарды беру уақыты туралы тасымалдаушы тармақ иеленушіні вагондарды бергенге дейін 2 сағаттан кешіктірмей хабардар етеді. Вагондарды беру уақыты туралы хабарламаларды беру тәулік бойы телефон арқылы немесе хабарламалар кітабына жазбасы бар деректермен электрондық алмасу желісін қоса алғанда, қолда бар байланыс құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

Тармақ иеленуші хабарламаларды қабылдауға жауапты өз өкілдерін тағайындауды және тасымалдаушының өкіліне олардың тегі мен телефон нөмірлерін жазбаша хабарлайды.

Шартта вагондарды кесте бойынша немесе белгіленген аралықтар арқылы беру көзделген жағдайларда, вагондарды беру уақыты туралы хабарлама талап етілмейді.

Егер тиесі осы кірме жолда (қосарланған операциялар) түсіруден (түсіруден) босатылатын вагондарға жүргізілсе, бос вагондарды тиесіге беру уақыты туралы хабарлама талап етілмейді.

Вагондарды беру уақыты туралы хабарламаларды беру тәртібі мен мерзімдерін тасымалдаушының өкілі бекітеді.

19. Жүктерді ұлттық тасымалдаушының немесе тасымалдаушының кінәсінен тиесі, түсіру (түсіру) орындарына, қабылдау-тапсыру (кірме) жолдарына вагондарды беруді

кідірту уақыты вагондарды беру туралы хабарламада көрсетілген уақыттан бастап есептеледі.

20. Алып тасталды - КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 16.05.2023 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

21. Вагондарды хабарлама бойынша әкеткен жағдайда, сондай-ақ вагондар кесте бойынша немесе белгіленген аралықтар арқылы жинауға дайын болмаған жағдайда жүк жөнелтуші (жүк алушы), тармақ иеленуші алдын ала (вагондарды беру-алып кету шартында белгіленген мерзімдерде) ұлттық жүк тасымалдаушыға, тасымалдаушыға вагондардың жинауға дайындық уақыты туралы хабарлайды. Вагондарды хабардар ету бойынша алып кеткен кезде алып кету мерзімі хабарлама берілген сәттен бастап есептеледі. Вагондарды кесте бойынша немесе белгіленген интервалдар арқылы алып кеткен кезде, егер шартта өзгеше көзделмесе, алып кету мерзімі кестеде немесе аралықта көзделген уақыттан бастап есептеледі.

22. Тармақ иеленуші (контрагент) шартты негізінде тасымалдау процесінің қатысуышыларына кірме жолдар қызметтерін көрсетеді.

Тармақ иеленуші (контрагент) табиғи монополия субъектісі болып табылған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қызметтер көрсетуге шарт жасасады.

23. Тармақ иеленуші кірме жолдар қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан кезде не шарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы қосымша келісім жасасқан кезде шартқа жоспарлы жұмыстарды жүргізу кестесінің көшірмесін қоса береді, сондай-ақ оны өзінің интернет-ресурсында (бар болса) орналастырады.

Жоспарлы жұмыстар кестесі өзгерген жағдайда тармақ иеленуші тасымалдау жөніндегі қызметтерді пайдаланушины және контрагентті жоспарлы жұмыстар кестесінің өзгеруі туралы жұмыс басталғанға дейін кемінде 15 жұмыс күні бұрын жазбаша түрде хабардар етеді.

24. Бір тармақ иеленушіде станцияға (бірнеше станцияға) жеке жанасатын бірнеше кірме жолдар болған кезде вагондарды беру- алып кету шарты әрбір жанасатын кірме жолға жеке жасалады.

25. Жолдың жоспары мен бойлық бейінің көрсетілген жұмыстарды орындауға лицензиясы бар ұйым жүргізген аспаптық түсірілім негізінде жасалады.

26. Кірме жолдарды жоспары мен бейінін кезендік аспаптық тексеру кірме жолдардың бейінін өзгеретін жөндеу-жол жұмыстары жүргізілгеннен кейін жүргізіледі. Егер кірме жолдарды пайдалану кезінде кірме жолдардың бейінің өзгеретін жұмыстар жүргізілмесе, кірме жолдардың жоспары мен бейінін аспаптық тексеру он жылда бір рет жүргізіледі.

27. Кірме жолдарды пайдалану жоспарланған және жоспардан тыс жұмыстарды орындаған жағдайларда, қозғалыс қауіпсіздігі мен жылжымалы құрамның,

контейнерлердің, жүктөрдің сақталуына қауіп төндіретін ақаулар анықталған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік көліктік бақылау органының актісі негізінде тармақ иеленушімен тоқтатылады.

Жоспарланған жұмысты тармақ иеленушілер жұмыстың басталуы мен аяқталуы көрсетілген, кірме жолдардың жөндеу жұмыстарының графигі негізінде орындалды. Кірме жолдардың жөндеу жұмыстары жоспарланған жоспарлы жұмысты өткізу кестесін тармақ иеленуші құнтізбелік жыл басталғанға дейін құнтізбелік 30 күннен кешіктірмей бекітеді.

Жоспардан тыс жұмыс "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 58-бабына сәйкес мемлекеттік көліктік бақылау органының анықталған бұзушылықтар туралы акті негізінде жүргізіледі.

3-тaraу. Теміржолдарда қызмет көрсету және жөндеу тәртібі

28. Жолға қызмет көрсету жыл бойы және жөндеудегі участекерді қоса алғанда, жолдың барлық бойында жүзеге асырылады және ақаулардың пайда болу себептерін зерделеуді және оларды жою және алдын алу жөніндегі жұмыстарды орындауды қамтиды.

29. Араптың мен станциялардағы барлық құрылыштар мен құрылғылар Қазақстан Республикасының техникалық пайдалану қағидаларында белгіленген нормалар мен рұқсаттарға сәйкес ұсталады (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 544 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11897 болып тіркелген).

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің м.а. 16.05.2025 № 154 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Жолға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жол шаруашылығының негізгі құрылымдық бөлімшесі жол дистанциясы (ірілендірілген жол дистанциясы) болып табылады. Жол дистанциясының ұзақтығын және оның құрылымдық бөлінуін пайдалану жағдайларына байланысты Ұлттық инфрақұрылым операторы белгілейді.

31. Жол дистанциясы жолға қызмет көрсетуге жұмыс қүшінің шығыс нормаларына және қашықтықты құрылымдық бөлүмен бекітілген Жол монтерлерінің контингентін, сондай-ақ қажетті жарамды техникалық жарақтандыруды, жабдықтар мен құралдарды қамтиды.

32. Жолға қызмет көрсету бойынша негізгі жұмыстар:
жолды тексеру және диагностикалау (жоба алдындағы тексеруге кіретін жекелеген түрлерден басқа);

жасанды құрылыштарды (бұдан әрі - ЖК) қарau және диагностикалау (жоба алдындағы тексеруге кіретін жекелеген түрлерден басқа);

ақаулы және өткір ақаулы рельстерді, шпалдарды, білеулерді, бекітпелерді және бағыттамалы бұрмалардың элементтерін жеке ауыстыру;

жергілікті жерлерде жолды жоспарлы-алдын ала түзету, түзету, қағу және түзету; жолтабан енін реттеу;

түйіспесіз жол бунақтарында температуралық кернеулерді разрядтау;

жеке жапсырмаларды жою (ластанған балласттың негізгі алаңынан төмен кесу, таза балластқа ауыстыру);

кірімдердегі жолды түзету;

жер тесемінің, балласт призмасының, су бұру құрылыштарының жай-күйін бақылау; қар - су, құм жинау;

түйіскен жерлерді дәнекерлеу, оның ішінде түйіспесіз жолдың бунактарын уақытша қалпына келтіру орындарында;

айқастырмаларды балқыту және қою, ақау орындарында рельстерді балқыту;

бүйірден тозған рельстерді қисықтарға және қисықтардан түзу жолға жұмыс жиектерін ауыстыра отырып және керісінше ауыстыру;

жолды өсімдіктерден және қоқыстан тазарту;

ЖҚ ағымдағы күтіп-ұстau;

мал қораларын және қар, жел қоршауларын ағымдағы ұстau;

өткелдерге қызмет көрсету;

сигналдық және жол белгілерін күтіп-ұстau;

стеллаждарды норма бойынша материалдардың шаршылау қорымен толықтыру.

Көрсетілген жұмыстардың құрамы мен көлемі ауытқу түріне, жоғарғы құрылыштың конструкциясына, жол жоспары мен бейініне, жүк сыйым-дылығына, поездар қозғалысының жылдамдығына, тоннаждың атқарылуына, климаттық жағдайларға, жыл мезгіліне, қолданылатын техникалық құралдарға байланысты өзгереді.

33. Жолға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар орындалу өлшемеле-шарттары бойынша шуғыл, бірінші кезектегі және жоспарлы-алдын ала жұмыстары болып бөлінеді.

34. Шұғыл жұмыстарға жатады:

1) бағыттамалы бұрмалардағы өткір айрықты немесе сынған рельстерді, үшкірлер мен айқастырғыштарды ауыстыру;

2) жол мен жылжымалы құрамның өзара іс-қимыл қүштерінің жылжымалы құрамды күтіп-ұстau мен тиеуде ауытқулармен қолайсыз үйлесім болған, поезды жүргізу режимінің бұзылуы кезінде рельстерден, жол өлшеу вагонының және жол өлшеу құралдарының (жұмыс шаблондары) көрсеткіштері бойынша немесе жолды қарау кезінде анықталған рельс жолтабанының құрамында ауытқулар болғанда мәндерге дейін ұлғаюын туыннататын ауытқуларды жою;

35. Бірінші кезекте жол өлшегіш вагонмен жолды кезекті тексергенге дейінгі кезең ішінде олар анықталғаннан кейін жойылмаған кезде поездар қозғалысының бірқалыпты

баяулығын нашарлататын және жолдың қалдық деформацияларының жиналу қарқындылығын арттыратын шамаларға жетуі мүмкін, ал олардың кейбіреулері тіпті поездар қозғалысының белгіленген жылдамдығын азайтуды талап ететін шегіністерден асып кетуі мүмкін ауытқуларды жоюға байланысты жұмыстар жатады. Мұндай ауытқулар жол өлшеу вагонының және басқа да жол өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша рельс жолтабанының құрамында, бірінші кезектегі тәртіппен жойылады (анықталғаннан кейін үш күн ішінде), жол шөгінділері бар түйіспелердегі жолдың шөгуін жоюда, рельстер температурасының құтілетін жоғарылауы кезеңінде түйіспелерде нөлдік саңылаулары немесе рельстер температурасының құтілетін төмендеуі кезеңінде шекті созылған саңылаулар бар жерлерде түйіспе саңылаулары реттеуде.

36. Жоспарлы-алдын алу жұмыстары жол өлшеу вагонының көрсеткіштері бойынша рельсті жолтабанды құтіп ұстауда мөлшері бойынша аздаған, бірақ жол бойы жиі қайталанатын ауытқуларды жоюға бағытталған поездар қозғалысының белгіленген жылдамдығын азайтатын жол ақауларының пайда болуын алдын алуға (алдын алуға), жоғарғы құрылыштың жекелеген ақаулы элементтерін ауыстыруға, әлсіреген болттарды бекітуге бағытталған.

Технологиялық операциялардың мақсаты мен сипаты бойынша жоспарлы-алдын алк жұмыстары:

1) тек бір жұмыс түрінен тұратын арнайы мақсаттағы (дербес) (жолды тегістеу, бұрандамаларды бекіту, шайшеге өндіру);

2) өзіне бірнеше дербес жұмыс түрлерін қамтитын, жиынтық орындалуы ұзак уақытқа жолдың тұрақтылығын қалпына келтіреп және және бірінші кезектегі жұмыстардың көлемін күрт қысқартатын кешенді жұмыстар болып бөлінеді.

37. Жолды мына жағдалайларды қоспағанда, пайдалануға жол беріледі:

тіреуіш жапсырмалар мен үшкірдің мойны немесе жылжымалы (бұрылмалы) өзекшенің жұмыс қыры арасындағы 2 мм артық жарық;

тік және көлденең сатының шамасы 5 мм-ден артық болған кезде;

түйістерде саңылаулар 35 мм-ден артық анықталған жағдайда;

рельстің соңында барлық бұрандамаларды кесу кезінде);

бес шпалда немесе білеулер шығып тұрған кезде рельс табаны астардың қабыргаларынан;

6-дан астам жарамсыз (бұталы шірік) ағаш шпалдар қатарынан табылған кезде.

38. Жолға ағымдағы қызмет көрсету:

1) поездар арасындағы уақыт аралығына және поездар қозғалысы кестесіне енгізілген технологиялық үзілістерде болып бөлінеді;

2) басшылықтың өтінімі бойынша арнайы ұсынылатын технологиялық терезе жолының арақашықтығына орындалатын.

Ағымдағы қызмет көрсету түрлері күн сайын бір-бірімен кезектесіп орындалады.

Поездар арасындағы аралықтарда орындалатын жұмыстар поезды, механизмдерді және қол құралдарын өткізу алдында жолдан оңай алынатын, тасымалданатын тасымалды пайдалануды көздейді; технологиялық терезеде жұмыстарды орындау кезінде - жол машиналары мен ауыр жабдықтардың жұмысы.

39. Жолға ағымдағы қызмет көрсету екі негізгі шартты неғұрлым ұтымды үйлестіру кезінде жүзеге асырылады: белгіленген жылдамдықтармен поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ресурс үнемдеу. Мұндай үйлесімнің ұтымдылығына жолдарды кластарға бөлу негізінде қол жеткізіледі. Жолдардың жіктелуі олардың жүк сыйымдылығына, поездар қозғалысының рұқсат етілетін жылдамдығына және жол мен оның элементтерінің жұмысына әсер ететін басқа да факторларға байланысты белгіленеді.

40. Жер төсемі мен оның құрылыштарына, сондай-ақ жасанды құрылыштарға техникалық қызмет көрсету оське белгіленген жүктемелерді және поездар қозғалысының жылдамдығын қанағаттандыратын, олардың беріктілік, орнықтылық және сенімділік көрсеткіштерін қалпына келтіру мен арттыруды қамтамасыз ететін оларды ағымдағы күтіп ұстау мен жөндеуді қамтиды.

Жасанды құрылыштарда және оларға кіреберістерде жолға қызмет көрсету бойынша жұмыстарға климаттық жағдайлар өзгерген кезде ұңгіжолдарға және көпірлерге кіреберістерде мұз қату және жою, шағын және орта көпірлерде өртке қарсы құрал-саймандарды ұстау, құбырларды, науаларды, суагар құдықтарын, арналарды борпылдақ пен тростардан тазарту, шағын жасанды құрылыштарды қысқа, көктемгі суларды, тасқын мен мұз өткелдерін өткізуге дайындау талап етіледі.

41. Жер төсемі мен оның құрылыштарын ағымдағы күтіп ұстау олардың жай-күйін жүйелі қадағалауды, ақаулардың пайда болу себептерін зерделеуді, сондай-ақ жыл бойы және бүкіл жол бойы үздіксіз жүзеге асырылатын оларды тұрақты тұрде ұстап тұру жөніндегі қажетті жұмыстарды орындауды қамтиды.

42. Жаңа және өткен жылдардағы ескі материалдармен жасалған торалқызыз жолдағы және буындық жолдағы жолды реконструкциялау, күрделі жөндеу және күрделі сипаттағы жөндеу мерзімділігінің орташа желілік нормалары (компоненттер бойынша - рельстік жолтабанды және рельстік тірек - шпалды жаппай ауыстыру) осы Қағидаларға 1-2-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

43. Жолдардың сыныптылығына сәйкес жолды жөндеудің негізгі түрлері және жол жұмыстарының көлемі айқындалады.

Жол жұмыстарын жүргізуудің нақты учаскелері мен орындары жолдың нақты жай-күйі бойынша жол жұмыстарын жоспарлау кезінде жұмыстың нормативтік көлемі шенберінде белгіленеді. Бұл ретте күрделі жөндеуді және жолдың құрамдауыштары (рельстік жолтабан, рельстік тірек) бойынша жөндеуді жоспарлау үшін:

1) түйіспесіз жолда негізгі өлшем рельстің келтірілген тозу шамасы және шпалдың қызымет ету мерзімі болып табылады, ал қосымша өлшем тоннаждың нормативтен кем емес жұмыс істеуі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес болып табылады;

2) буындық жолда негізгі өлшемдер рельстің келтірілген тозу шамасы және ақаулы шпалдар саны болып табылады, ал қосымша өлшемшарттары тоннаждың жұмыс істеуі нормативтік кем болмауы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес болып табылады.

Бүйірлік тозудың нормативтік мәнінің артуы қисық участкеде рельсті ауыстыру бойынша жол жұмыстарын жүргізу үшін өлшем болып табылатын жолдың қисық участкелері. Қажет болған жағдайда жолдың қисық участкелеріндегі рельстерді қосымша ауыстыруға рұқсат етіледі, бірақ бұл жолдың қисық участкелеріндегі рельстердің қосымша тұтас ауысуының кезеңділігі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес көзделгеннен артық болмауы тиіс.

44. Жөндеу жұмыстарын жүргізудің нақты орындарын Ұлттық инфракүрылым операторы ұсынылған негізгі және қосымша өлшемшарттардың мәндерін ескере отырып:

Ағымдағы жоспарлау кезінде жаңа материалдарда реконструкциялауға, күрделі жөндеуге және күрделі сипаттағы жөндеуге жататын участкелерді таңдау өлшемшарттары (компоненттер бойынша - рельстік жолтабандарды және рельстік тіректерді жаппай ауыстыру) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес;

Ескі шылдағы материал жасалған жолды күрделі жөндеуге және күрделі сипаттағы жөндеуге жататын участкелерді (құрамдауыштар бойынша - рельс жолтабаны мен рельс тіректерін жаппай ауыстыру) таңдау өлшемшарттары осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес;

Ағаш шпалдарды темір-бетон шпалдарға жаппай ауыстыру жүзеге асырылатын 3, 4, 5-сыныптағы жол участкелерін таңдау өлшемшарттары осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес;

Жаңа және өткен жылғы материалдарды реконструкциялауға, күрделі жөндеуге жататын бағыттамалы бүрмаларды таңдау өлшемшарттары осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес;

Балласт призмасын жаппай ауыстыруды тағайындау өлшемшарттары- осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес;

Жолды орташа жөндеуді белгілеу өлшемшарттары осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес;

Аралық бекітуді жаппай ауыстыру жүзеге асырылатын жол участкелерін таңдау өлшемшарттары осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес;

Жолды жоспарлы-алдын ала түзетуді тағайындау өлшемшарттары осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес;

